

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық қылмыстарға және салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 264 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. 2006 жылғы 4 мамырда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық қылмыстарға және салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық қылмыстарға және салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

өз мемлекеттерінің халықаралық құқық нормалары мен ұлттық заңнамаларын б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

экономикалық қылмыстар мен салық заңнамасын бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға және жолын кесуге, өз мемлекеттерінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты міндеттерді тиімді шешудегі өзара мүдделілікке сүйене

о т ы р ы п ,

осы мақсаттарда барлық құқықтық және басқа да мүмкіндіктерді пайдалануға зор ма ң ы з б е р е о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап. Келісім мәні

1. Тараптар мемлекеттері құзыретті органдарының экономикалық қылмыстар мен салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күресті тиімді ұйымдастыру мақсатындағы ынтымақтастығы осы Келісімнің мәні болып табылады.

2. Осы Келісім қатысушылары Қазақстан Республикасы және Тәжікстан

Республикасы болып табылатын азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы халықаралық шарттардан туындайтын, Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне әсерін тигізбейді.

2-бап. Терминдер

Осы Келісімде пайдаланылатын негізгі ұғымдар мыналар:
"құзыретті орган":

Қазақстан Тарабынан - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

кірістер мен алымдар жөніндегі министрлігі, Тәжікстан Республикасы Ішкі істер министрлігі.

Мемлекеттердің құзыретті органдарының ресми атауы өзгерген жағдайда, тараптар ол туралы бір-біріне дереу жазбаша нысанда дипломатиялық арналар арқылы хабарлайды;

"салықтық заңнама" - бұл Тараптар мемлекеттерінде салықтардың, алымдардың және төлемдердің түрлерін, оларды өндіріп алу тәртібін белгілейтін, салықтық міндеттемелердің пайда болуымен, өзгеруімен және қысқартуымен байланысты қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы;

"салық заңнамасын бұзушылықтар" - бұл Тараптар мемлекеттерінің ұлттық салық заңнамасының нормаларымен белгіленген салық қатынастарына қатысушының міндеттерін тиісінше орындамаудан немесе орындамаудан туындаған, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына немесе салық салу саласындағы халықаралық келісімдерімен жауапкершілік көзделген құқыққа қарсы, айыпты іс-қимыл (әрекет не әрекетсіздік);

"экономикалық қылмыстар" - экономикалық және қаржылық қызмет саласындағы қылмыстар.

3-бап. Ынтымақтастық нысандары

1. Тараптар осы Келісімнің шеңберінде мынадай ынтымақтастық нысандарын пайдаланады:

заңды және жеке тұлғалардың экономикалық қылмыстары мен салық заңнамасын бұзушылықтар туралы ақпарат алмасу;

экономикалық қылмыстар мен салық заңнамасын бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге бағытталған шараларды өткізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл;

заңды және жеке тұлғалардың салық салуға байланысты құжаттарының куәландырылған көшірмелерін тиісті үлгіде ұсыну;

ұлттық салық, экономикалық және қаржы жүйелері туралы, Тараптар мемлекеттерінің тиісті салалардағы ұлттық заңнамаларындағы өзгерістері мен толықтырулары туралы ақпарат, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің тиісті

салалардағы ұлттық заңнамаларын бұзушылықтарға қарсы күресті ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыныс алмасу;

экономикалық қылмыстарға және салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күресте пайдаланылатын ақпараттық жүйелерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде тәжірибе алмасу;

жұмыс топтарын құруды қоса алғанда, ынтымақтастық үдерісінде туындайтын мәселелер бойынша қызметті үйлестіру, сарапшылар алмасу және өз мемлекеттері оқу орындарының базасында кадрларды оқыту;

экономикалық қылмыстарға қарсы күрес проблемалары мен салық заңнамасын бұзушылықтар жөнінде бірлескен ғылыми зерттеулер, ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізу.

2. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларын және Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарды басшылыққа ала отырып, осы Келісім шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асырады.

3. Тараптар мемлекеттері құзыретті органдарының осы Келісімді іске асыруға байланысты мәселелер бойынша бір-бірімен тікелей өзара әрекеттеседі және қажеттілігіне қарай консультациялар өткізеді.

4-бап. Экономикалық қылмыстар мен салық заңнамасын бұзушылықтар туралы ақпаратпен алмасу

1. Экономикалық қылмыстар мен салық заңнамасын бұзушылықтар туралы ақпарат алмасу мынадай мәселелер бойынша жүзеге асырылады:

бұл ретте салық заңнамасын бұзушылар қолданатын тәсілдерді көрсете отырып, заңды және жеке тұлғалардың салық салудан табыстарын жасыру;

экономикалық қылмыстар мен салық заңнамасын бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге байланысты салық салу базасының мөлшерін және салық заңнамасын бұзған заңды және жеке тұлғалардан өндіріп алынған салық сомасының мөлшерін, сондай-ақ өзге де мәселелер бойынша айқындау.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ақпарат, бір Тарап мемлекетінің құзыретті органына басқа Тарап мемлекетінің құзыретті органына сұрау салу негізінде немесе ақпарат беру сұрау салып отырған мемлекеттің ұлттық заңнамасына және мүддесіне қайшы келмейтін шартымен өз бастамасы бойынша беріледі.

5-бап. Іс-шаралар өткізу

Экономикалық қылмыстар мен салық заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі іс-шараларды өткізу кезінде осындай бұзушылықтар жасаған тұлғаларға немесе оны жасаған күдіктілерге қатысты Тараптар мемлекеттері құзыретті органдарының өзара іс-қимылы, екі Тарап мемлекеттері құзыретті органдарының қылмыстардың алдын алу, анықтау, оның жолын кесу, тергеу барысында кешенді іс-қимылды бірлесіп жоспарлауды, сондай-ақ осы іс-шараларды

өткізудің барысы мен нәтижелері және тиісті Тараптар мемлекетінің бюджетіне есептелген соманы өндіріп алу туралы күштерді, құралдарды пайдалануды және ақпарат алмасуды қамтиды.

6-бап. Құжаттардың көшірмелерін ұсыну

Тараптардың құзыретті органдары бір-біріне сұрау салу арқылы заңды және жеке тұлғаларға экономика және салық салу саласындағы қылмыстарға қатысты құжаттардың (есеп-шоттар, фактуралар, жүкқұжаттар, шарттар, келісім-шарттар, сертификаттар, анықтамалар және басқалары), сондай-ақ салық заңнамасының бұзылуына қатысы бар мәселелер бойынша құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Құжаттардың көшірмелері уәкілетті тұлғаның қолымен және сұрау салушы құзыретті органның мөрімен куәландырылады.

7-бап. Құқықтық сипаттағы материалдар алмасу

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары арасындағы құқықтық ақпарат алмасу Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы 2001 жылғы 21 ақпандағы Құқықтық ақпарат алмасу туралы келісім негізінде жүзеге асырылады.

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары экономикалық қылмыстарға тергеу жүргізудің құқықтық негіздері және өз мемлекеттерінің салық салу заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндіріс туралы ақпарат алмасуды жүзеге асырады, жана нормативтік құқықтық кесімдер күшіне енгеннен кейін немесе қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдерге өзгерістер енгізілгеннен кейін бір айдан кешіктірмей салық заңнамаларындағы өзгерістер туралы бір-бірін хабардар етеді.

8-бап. Ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастық

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары экономикалық қылмыстарға және салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күресті ұйымдастыру кезінде ақпараттық жүйелерді құру мен олардың жұмыс істеуі мәселелері бойынша тәжірибе, әдістемелер және ғылыми-практикалық материалдар алмасуды жүзеге асырады.

9-бап. Кадрлар даярлауда тәжірибе алмасу және көмек көрсету

Осы баптың шеңберінде ынтымақтастықты іске асырудың нақты нысандары тиісті екі жақты келісімдермен айқындалады.

10-бап. Сұрау салудың нысаны мен мазмұны

1. Ақпарат алуға сұрау салу жазбаша нысанда немесе мәтін берудің техникалық құралдарын пайдалану арқылы берілуі тиіс.

Кейінге қалдыруды көтермейтін жағдайларда телефон байланысы арқылы сұрау салушы Тараптың құзыретті органы берген сұрауды қабылдауы мүмкін, ол 24 сағаттың ішінде сұрау салынған Тараптың құзыретті органы жазбаша нысанда растауға тиіс.

Мәтін түсініксіз болған немесе оның түпнұсқалылығына күмән туындаған жағдайда сұрау салушы Тараптың құзыретті органы жазбаша түрде оның расталуын сұратуға

қ ұ қ ы л ы .

2. Ақпарат алуға арналған сұрау салуды:

сұрау салушы құзыретті органның атауын;

сұрау салынған құзыретті органның атауын;

сұрау салудың қысқаша мазмұны және оның негіздемесін;
оның орындалуына қажетті басқа да мәліметтерді қамтуы тиіс.

Қылмыстық істер бойынша ақпарат алуға арналған сұрау салуда, бұдан басқа:

істің іс жүзіндегі қысқаша сипаттамасы;

сұрау салынған Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес қылмыстың

ж і к т е л у і ;

келтірілген зиянның мөлшері көрсетіледі.

11-бап. Сұрау салудың орындалуы

Сұрау салу орындалуға дереу қабылданады, сұрау салынған құзыретті орган, егер бұл сұрау салуды орындау үшін қажет болса, нақтылау тәртібінде қосымша ақпарат с ұ р а й а л а д ы .

Сұрау салуды орындау мүмкін болмаған жағдайда, сұрау салған құзыретті орган бұл туралы сұрау салушы құзыретті органға дереу хабарлайды.

Сұрау салынған құзыретті орган, егер бұл мемлекеттің егемендігіне немесе қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін болса, не оның заңнамасына қайшы келсе, сұрау салуды орындаудан бас тартады.

Сұрау салушы құзыретті орган сұрау салуды орындаудан бас тарту себептері туралы 10 күн ішінде жазбаша хабардар етіледі.

12-бап. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары қызметкерлерінің өзара іс-қимылы және болуы

Құзыретті органдар қызметкерлерінің Тараптар мемлекеттерінің аумағында болуы және өзара іс-қимылы 1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында жасалған Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер аумағында болуы және өзара іс-қимыл тәртібі туралы шарттың нормаларымен реттеледі.

13-бап. Сұрау салу тілі

Ақпаратты алуға арналған сұрау салу және оған берілетін жауап орыс тілінде құралады.

14-бап. Ақпараттарды пайдалану

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары экономикалық қылмыстар мен салық заңнамаларын бұзушылықтардың алдын алуға, оны анықтауға және жолын кесуге байланысты мәселелер жөнінде өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасында белгіленген тәртіппен ақпараттардың құпиялылығына кепілдік береді.

Осы Келісімнің шеңберінде алынған ақпарат осы ақпаратты ұсынған құзыретті органның жазбаша келісімінсіз үшінші Тарапқа берілмейді.

15-бап. Шығыстар

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары өз мемлекеттерінің аумағында осы Келісімді орындауға байланысты шығыстарды өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының нормаларына сәйкес өтейді. Қосымша шығыстарды талап ететін сұрау салуларды алған жағдайда, оларды қаржыландыру туралы мәселені Тараптардың құзыретті органдары өзара уағдаластық бойынша қарайтын болады.

Кездесулер жүргізу, мамандар алмасуды, тәжірибе алмасуды және кадрларды даярлауда көмек көрсету кезінде, егер басқа жазбаша уағдаластық болмаса, Тараптар мемлекетінің қабылдаушы құзыретті органы қамтамасыз етеді және кездесуді ұйымдастыруға байланысты барлық шығыстарды төлейді. Бұл ретте, Тарап мемлекеттерінің жіберуші құзыретті органы өз делегациясы мүшелерінің қонақ үйде тұру және жолақы, тамақтану төлемі бойынша шығыстарды өтейді.

16-бап. Даулар мен келіспеушіліктер

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану бойынша даулар туындаған жағдайда, оларды Тараптар келіссөздер мен консультациялар жолымен шешетін болады.

17-бап. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың өзара келісімі бойынша енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің 18-бабының тәртібімен күшіне енеді.

18-бап. Күшіне енуі және қолданысын тоқтату

Осы Келісім, оның күшіне енуі үшін қажетті Тараптардың мемлекетішілік рәсімдерінің орындалғаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы хабарламаны Тараптардың бірі дипломатиялық арналар бойынша алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

2006 жылғы»4 мамырда Астана қаласында екі түпнұсқалық данада, әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде жасалған, сонымен қатар барлық мәтіндердің күші б і р д е й .

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін